

**«Экологиялық проблемалар және оларды шешу жолдары»
тақырыбында 2012 жылғы 11 маусымда өткен
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Қазақстан Республикасының Парламентіне Қазақстан Республикасының Экологиялық және Салық кодекстерінің арасындағы жекелеген парниктік газдарға қосарланған салық салуды көздейтін коллизияны жоятын заң жобасын енгізісін.

2. Кеден одағы елдерінің мемлекетаралық деңгейінде осы елдердің экологиялық және бюджеттік заңнамаларын табиғат пайдаланушыларға экологиялық салық салуда және табиғат қорғау іс-шараларын қаржыландыруда бірыңғай тәсілдерді әзірлеу тұрғысынан үйлестіру мәселелерін қарастырсын.

3. «Жасыл» экономиканы одан әрі дамыту мақсатында жаңартылатын энергия көздерін дамытудағы тежеуші факторларды болғызбау жолдарын іздестіретін болсын.

4. Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде экологиялық мониторингтің интеграцияланған көп деңгейлі жүйесін құру мүмкіндігін қарастырсын.

5. Қазақстанда қалдықтарды кәдеге жарату проблемаларын шешуге шағын және орта бизнесті тартуды ынталандыру мәселесін қарастырсын.

6. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы проблемаларды кешенді және шұғыл шешу үшін ғылыми және ақпараттық базаны құру мәселесін қарастырсын.

7. Мыналарға:

- «Жасыл даму» бағдарламасы шеңберінде өңірлік жобаларды іске асыруға;
- гидрометеорологиялық ақпаратты өңдеуге арналған өнімділігі жоғары кластерлік жүйені сатып алуға;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы MAPC – KAZRAD - Қазақстан Республикасының метеорологиялық автоматтандырылған радиолокациялық желісін құруға бюджет қаржысын бөлуді көздейтін болсын.